

Қазақстан мен Иран байланыстарының даму жолдары

Р.К. Садықова
ф.ғ.к.

Түйіндеме: Бұл мақалада Иран мен Қазақстанның арасындағы әдеби және мәдени байланыстардың ертеректен басталғаны, Авеста және Шахнама кітаптарында елді байланыстыратын дәлелдердің берілгені, соңғы жылдары екі мемлекеттің мәдени байланыстарын күшейту мақсатында бірнеше маңызды жұмыстардың атқарылғаны жайында баяндалады. Сондай-ақ, екі елдің әдебиет саласында істелген жұмыстары – Иран мен Қазақстан арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды одан әрі қарай дамытатыны туралы да айтылады.

Тірек сөздер: Мәдени және әдеби байланыс, әлемдік әдебиет, ерекшеліктер, қарым-қатынас, кездесулер, жазба деректер.

Аннотация: В данной статье повествуется о ранней литературной и культурной связи между Ираном и Казахстаном, о доказательствах в Авесте и Шахнаме, которые показывают связь между двумя странами, о том, что за последние годы были осуществлены много работ с целью укрепления культурных связей между двумя государствами. Также, рассказывается о проделанной работе двух стран в области литературы, а также литературно-культурных отношениях Ирана и Казахстана и их дальнейшие развития.

Ключевое слова: Культурная и литературная связь, мировая литература, особенности, отношения, встечи, письменные данные.

Abstract: This article discusses about literary and culture relations between Iran and Kazakhstan, the facts which connected the relationship between two nations in the novels “Avesta” and “Shakhnama”, some works which were done for developing further culture relations. Also is told about made-work of two countries in the sphere of literature, literary-cultural relationship and further development

Key words: Culture and literature relations, world literature, peculiarities, relationships, meetings, written materials.

Парсы мәдениеті – Азия аумағына кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Тарих қойнауына қарасақ, Иран мен Тұран бұрынғы заманнан бері көрші болған, кейде дауласып, кейде достасып келген. Дегенмен, бұл екі ел татуласу жақтарына аса мән берген. Қазақстан мен Иранның арасындағы мәдени байланыстар екі елдің өткенін еске түсіреді. Авеста және Шахнама кітаптарында осы екі елді байланыстыратын дәлелдер берілген [1, 75 б.]. Әйгілі Тоң Алып (Афрасиаб) жайындағы жазба деректер де көп дүниелердің кілтін ашып береді. Иран мен Қазақстан арасындағы

коян-қолтық араласуы, тілдік және исламдық діни байланыстар екі елдің қарым-қатынастарының негізін құрайды.

Парсы шайырлары Тараз қаласының атын өз шығармаларында көп қолданған. Мысалы парсы поэзиясының атасы Рудаки Тараз туралы былай дейді:

دل به بخارا و بتان طراز	روی به محراب نهادن چه سود
از تو پذیرد نپذیرد نماز	ایزد ما ز مزمه عاشقی

Бұл қаланың адамдары хәжри жыл санағы бойынша III ғ. ортасы (IX ғ. европа жыл санағы бойынша) Иранның шығыс өңіріндегі соғди тілінде сөйлейтін.

Парсы тілі және қазақ тілі, жалпы алғанда, парсы мәдениеті мен қазақ мәдениеті арасындағы байланыстарға келетін болсақ, әсіресе мәдениеттер арасындағы байланыс ертеректен басталғанын байқаймыз. Сондықтан әрбір бейбіт кезеңнің олардың тығыз экономикалық, мәдени байланыс жасауларына мол мүмкіндік бергені де рас. XX ғасырдың аясында Кеңес дәуірін айтпағанның өзінде, Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған он жыл ішінде бірсыпыра қазақ жазушылары, журналистері һәм ғалымдары бүгінгі Иран жайында, әрі Қазақстан пен Иранның мәдени-әдеби байланыстары жөнінде өз толғаулары мен зерттеу жұмыстарын баспасөзде не жеке монографиялық еңбек түрінде оқырмандарына ұсынды. Олардың бір тобын атамақ болсақ, олар: Әбіраш Жәмішев, Рахманқұл Бердібай, Өтеген Күмісбаев, Ислам Жеменей, Шерхан Мұртаза, Сағат Ерғалиев, Мырзатай Жолдасбеков, Тұрсынбек Кәкішұлы, Мекемтас Мырзахметұлы, Мәмбет Қойгелді, Сержан Шәкірұлы, Ілия Жақанов және Ермек Зеңгіров сынды тұлғалар [2, 7 б.].

Парсы-қазақ арасындағы мәдени қатынастардың біздің дәуіріміздің III-IV ғасырларындағы массагеттердің Орталық Азияға келуін, олардың белгілі деңгейде ирандық Ахеменидтер мәдениетін таратуынан басталатыны белгілі. XII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда өмір сүрген Хорезм мемлекетінің саяси және мәдени өміріне де ирандықтардың әсері маңыз аларлықтай болды. Бұл кезеңде Иранның бүкіл аумағында білім беру ісінің тасы өрге домалап тұрған еді [3, 77 б.].

Парсы және қазақ халықтарын рухани туыстырып отырған қасиетті Ислам дініне байланысты. Орталық Азия көшпелілері арасында Ислам діні VII ғасырдың соңғы ширегінде тарала бастады. Бұл өңірде өзге конфессиялар да кеңінен таралғанымен, жергілікті тұрғындардың салттары мен діни ғұрыптары исламның әсерімен қалыптасқан. Ұлы Жібек жолы арқылы мұсылман елдерімен қатынастың өрлей түсуі Орталық Азия өңірінде мешіттер мен ірі діни мекемелер жүйесінің кеңеюіне септігін тигізді. Сол

кездерден бастап қазақ елі де нағыз мұсылмандық қағидаларды қабылдап, құдайға құлшылық ететін болды [3, 80 б.].

«Араб және парсы тіліндегі лексикалық элементтерінің қазақ тіліне ауысуына ықпал жасаған тағы бір нәрсе – бұл елдердің арасындағы сауда экономикалық қарым-қатынастар болды. Орта Азияны Русьпен, Сибирьмен, Қытай және Монғолиямен байланыстыратын үлкен жол қазақ даласы үстінен өтті. Бізге дейін жеткен жазба деректер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының араб елдерімен, Иранмен, Орта Азиямен, Кавказбен, Византиямен, Сібірмен, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланысы болғанын, бұл регионның халықаралық саудасында «Ұлы Жібек жолы» зор роль атқарғанын дәлелдейді» [4, 31-33 бб.].

Ұлы Жібек жолы орта ғасырдағы ислам өркениеті арқылы араб-парсы, үнді фольклоры мен классикалық әдебиеті қазақ қауымына таныс болды. Сондықтан Шығыс пен батыстың сөз өнері мұраларымен біздің халқымыз ғасырлар бойы таныс болып келеді [5].

Зерттеушілердің тағы да мынадай пікірлері бар: «Қазақ елі мен Иран жұртының арасындағы әдеби қатынастардың тарихының тамыры тереңде жатыр. Екі елдің әдеби сабақтастықтарын, ортақ құндылықтарды зерттеуде отандық, шетелдік ғалымдар көп еңбектенсе де, олардың сыр сипаттары толықтай ашылып бітті деуге әлі ертерек. Нәзирагөйлік дәстүр мен көркем аударма мәселелері байсалды назар аударуды қажетсінуде. Қазақ әдебиетінің өркендеуіне, кемелдене түсуіне өзге халықтар әдебиетінің тигізген әсерінің орасан екендігі ақиқат. Ұлттық әдебиетіміздің өзге халықтардың әдебиетіне ықпал ете алған бай қазынасы, ғажап қоры бар екендігі ашып айтыла бермегені шындық. Ғылымдағы сондай ақтаңдақтардың орнын толтыратын күн туды» [6].

Парсы тілі (немесе фарси) үндіеуропалық тілдер әулетінің иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады және Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Осы тілде Орталық Азия халықтарының тарихы жөнінде көптеген құнды кітаптар жазылған. Иран – ежелгі өркениет ошақтарының бірі. Парсы тілі шығыс тілдерінің ішіндегі ең бір әсемі, ажарлысы, шұрайлысы. Парсы тілі ортағасырлық парсы әдебиетінің және Қайта жаңғыру дәуіріндегі әдебиеттің аса бай мұрагері болып табылады.

Қазақтың ірі тұлғалары Абай, Шәкәрім және тағы басқалар парсы әдебиетімен таныс болды. Абай:

«Физули, Шәмси, Сәйхали
Науаи, Сағди, Фердоуси,
Қожа Хафиз-Бу һәммасы

Мәдет бер шағири фердияд» - деп өз шығармаларында шығыс ақындарын пір тұтып, мадақтайды. Абайтанушы ғалымдар көрсететіндей, ұлы ақын Абайдың өзінің алғашқы шығармаларын Фердоуси, Шәмсиге еліктеп бастауы парсы мәдениетінің қазақ даласында болғанын көрсетеді. Парсы мәдениеті мұсылман дінінің таралуымен байланысты қазақ даласына келді. Сонымен қатар оқу-ағарту жұмыстары да араб-парсы тіліне байланысты болды. «Өз дамуының ұзақ тарихында қазақ халқы да өзімен көршілес немесе шеткері жатқан көптеген елдермен үнемі қарым-қатынас жасап келгені мәлім. Сондықтан сол халықтардың тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер және сөздік элементтер еніп, қазақтың тіл қорын молайтып, байыта түскен» [7, 5 б.].

Қазақ тілінде парсы және араб тілінен енген сөздерден саны, зерттеушілердің пікірлері бойынша, шамамен 10-15 пайызды құрайды. Бұлар, негізінен ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда енген сөздер. Бұлардың қатарында жалпы абстрактілік түсінік, оқу-ағарту және мәдениет терминдері бар, мысалы адамзат [адамизад], айбат [Һәйбат], ғазал [ғәзәл], пешене [пешене], шарайна [чарайна], ақиқат [хағиғат], ақпарат [аһбар], ақырет [аһрет], аспаз [ашпаз], әдеп [одаб], әділет [одалат], бақша [бағче], ғашық [ошеғ], дана [доно], дариға [дариғо], дәреже [дәрәдже], дәстүр [дастур], жануар [джанвар], жаһан [джаһон], жұма [джоме], зерек [зирәк], дүйсенбі [душәмбә], нан [нон], патша [подәша], зындан [зендон] және т.б. [8].

Қазақ тіліне шеттен ауысқан түрлі лексикалық элементтердің ішінде ең керекті орын алатын араб және парсы сөздері болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы лексика элементтерін негізінен екі топқа бөліп қараған жөн деп білеміз. Бірінші топқа – қазақ тіліне ежелгі заманнан еніп, әбден сіңісіп, өзінің алғашқы фонетикалық тұлғасын өзгертіп жіберген сөздер жатады. Мұндай лексикалық элементтердің шеттен ауысқан сөздер негізінен ұмытылып та кеткен деуге болады. Екінші топқа – қазақ тіліне онша сіңісе қоймаған, бірақ қазақ оқушысына бұрынғы қисса-дастандардан жақсы таныс араб-парсы элементтері жатады. Араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы талай-талай ғасырларға созылған ұзақ та күрделі тарихи процесс болғанын естен шығармау керек.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері жеке лексикалық элементтер түрінде және сөз тіркестер күйінде мүлдем басқа жүйедегі қазақ тілінің құрамына ене отырып, өздерімен бірге – өз морфологиялық формаларын қазақ тіліне ие ала келді. Араб және парсы тілдерінің мұндай морфологиялық формалары қазақ тілінің нормаларына сәйкес қазақ топырағында өзгертіп, қайта қалыптасты».

Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерін зерттегендер – белгілі ғалымдар І. Кеңесбаев, Н. Оңдасынов, Л. Рүстемов, И. Жемени, Е. Бекмұхамбетов. Парсы тілінің элементтері, әсіресе, оңтүстік өңірдегі қазақ тілі диалектілерінде сақталған, бұған көршілес жатқан өзбек, тәжік ұлттары тілдерінің әсері бар. Парсы тілі қазақ мәдениетінде кісі есімдерінде де кеңінен қанат жайған. Жалпы алғанда, қазақ тілі тарихы бойынша зерттеулерде араб-парсы элементтері бөле-жара көрсетілмейді, екеуі тұтас қарастырылады. Бұның бірнеше себептері бар. Жоғарыда парсы тілінің типологиялық ерекшеліктерін айтқан тұста көрсеткеніміздей, екі тілдің әліппесі бірдейге жақын, оның үстіне парсы тілінің өзінде араб тілінің сөздері молынан ендірілген.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында парсы тілін оқып-үйренуге және иран мәдени орталығымен хабардар болуға өзектілік артып отыр. Бұл Қазақстанның Иранмен экономикалық байланыстарының нығайып, көркейе түсуіне байланысты. Сонымен қатар әлемдегі ең қауіпті жағдай – террорлық әрекетке қарсы тұру үшін де, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін сақтау үшін де, парсы тілін меңгеру қажеттігі туындап отыр.

Қазақстанда бірнеше оқу орындарында парсы тілін жете меңгеру, арнаулы мамандар даярлау ісі жолға қойылған. Алматы қаласында парсы тілі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазҚызМПУ, Абылай хан атындағы Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де оқытылады. Жоғары оқу орындарында білікті тіл мамандарын дайындаудағы негізгі мақсаттардың бірі – алыс-жақын шет елдердің мұражайлары мен қолжазба қорларында сақталып жатқан еліміздің тарихы мен мәдениетіне қатысты тарихи дерек көздері мен құжаттарды ана тілімізге аударып, елдің игілігіне жарату.

14 қазан 2015 жылы Астанада Қазақстан-иран сауда-экономикалық, ғылыми техникалық, мәдени салалары бойынша байланыстарының үкіметаралық комиссиясының 14-отырысы болып өтті. Қазақстан тарапын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Ә.Исекешов, ал Иран тарапын Иранның ауыл шаруашылық министрі Ходжати Наджаф Абади басқарды.

Бұл отырыста мынандай мәселелерді қарастырды: сауда экономикалық, инвестиция және банк саласында; тау-кен ісі және инженер-техникалық қызметтер; ауыл және су шаруашылығы; энергетика, транспорт және логистика; денсаулық; ғылым және жаңа технологиялар; мәдениет; туризм саласы; аймақтық байланыстар бойынша.

Қазірдің өзінде бірнеше сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. М. Әуезовтің қазақ өмірінің тұтас бір дәуірін қамтитын поэтикалық құндылығы аса жоғары эпопеясының әлем тілдері, оның ішінде, шығыс тілдеріне де аударылғаны мәлім. Аудармашы Н. Асғар Заде жасаған «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліндегі аудармасы Иран оқырмандарына қазақ прозасы үлгісін алғаш таныстырумен құнды болып табылады.

Парсы тілінің әлемдік мәдениетке және әлемдік экономикаға ықпалы өте зор. Сондықтан қазіргі заманда әлемдегі барлық елдер дерлік парсы мәдениеті мен әсіресе тілін үйренуге, білуге басты назар аударылып отыр.

Соңғы жылдары екі мемлекет мәдени байланыстарды күшейту мақсатында бірнеше маңызды құжаттарға қол қойды [1, 76 б.]. Апталық мәдени шаралар (фильм, музыка) қол өнерлер көрмелері, ғылым және мәдени, спорт, білім сайыстарына сарапшы болу, бірлескен конференциялардың өткізілуі, оқу-әдістемелік кітаптардың баспалардан басылуы, ғылыми-оқу байланыстар, студент пен оқытушылардың алмасуы, гранттардың бөлінуі, қазақ және парсы тілдері университеттерде оқытылуы және ақпарат алмасу және әртүрлі саладағы маңызды жұмыстар осы екі елдің мәдени байланыстарының даму жолдарын одан әрі дамыта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 عابدینی م.ح. سیمای فرهنگى قزاقستان. تهران: بين المللى الهدى، 1384. 76-75-ص.
- 2 Исабеков Д. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы (семинар материалдары). – Алматы, 2001. – 7 б.
- 3 Ө.Озғанбаев Дәстүрлі достық аясында. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы. (Халықаралық семинар материалдары). – Алматы, 2001.- 77 б.
- 4 Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. В кн. Сочинения. – М: Наука, 1963. т. I, II, – С. 31-33.
- 5 Тебегенов Т. Әлем әдебиеті аударма арқылы жетеді // Қазақ әдебиеті. 2010. – 20 мамыр. – №19.
- 6 Дүйсебаев Д. «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аударылуы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2006. – 24 б.
- 7 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері . – Алматы: Қазақ ССР-інің Ғылым баспасы, 1982. – 180 б.
- 8 Садықова Р.К., Пилтанг Ж. Қазақ және парсы тілінде мағынасы бірдей сөздер. – Алматы, 2007. – 50 б.

